



Павлодар облысы
қаржы басқармасының

2013 жылғы « 13 » желтоқсандағы
№ 342 бұйрығымен бекітілді

**Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы білім беру басқармасының
«Успен аграрлық-техникалық колледжі» коммуналдық мемлекеттік
қазыналық кәсіпорнының
ЖАРҒЫСЫ**

1. Жалпы ережелер

1. Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы білім беру басқармасының «Успен аграрлық-техникалық колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі – Мемлекеттік кәсіпорын) қоғамдық пайдалы кәсіби қызметтердің негізгі бағыттары бойынша білікті жұмысшылар мен орта буын мамандар дайындауға жіберілген және орта білім деңгейінің негізгі болып табылатын техникалық және кәсіптік білім беру оқу бағдарламаларын іске асыру үшін мекеменің ұйымдастыру-құқықтық нысанында құрылған.

2. Мемлекеттік кәсіпорын Павлодар облысы әкімдігінің 2013 жылғы 25 қарашадағы «Павлодар облысының мемлекеттік білім беру мекемелерін қайта ұйымдастыру туралы» № 401/13 қаулысымен құрылды.

3. Мемлекеттік кәсіпорнының құрылтайшысы жергілікті атқарушы орган - Павлодар облысының әкімдігі болып табылады.

4. Мемлекеттік кәсіпорының мүлкіне қатынасты субъект құқығы мемлекеттік коммуналды меншік құқығын жүзеге асыратын атқарушы орган - Павлодар облысының әкімдігі болып табылады.

5. Мемлекеттік кәсіпорынды басқаруды жүзеге асыратын орган Павлодар облысы білім беру басқармасы (бұдан әрі – Басқару органы) болып табылады.

6. Мемлекеттік кәсіпорының мемлекеттік тілдегі толық атауы: Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы білім беру басқармасының «Успен аграрлық-техникалық колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

Мемлекеттік кәсіпорнының орыс тіліндегі толық атауы: коммунальное государственное казенное предприятие «Успенский аграрно-технический колледж» управления образования Павлодарской области, акимата Павлодарской области.

7. Мемлекеттік кәсіпорнының тұрған жері: Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы, 141000, Успен ауданы, Успен ауылы, Мир көшесі, 22-үй.

2. Мемлекеттік кәсіпорынның заңды мәртебесі

8. Мемлекеттік кәсіпорын мемлекеттік тіркелген кезден бастап құрылды деп есептеліп, заңды тұлғаның құқықтарына ие болады.

Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы білім беру басқармасының «Успен аграрлық-техникалық колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны қайта ұйымдастырылатын Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы білім беру басқармасының «№ 23 Успен колледжі» коммуналды мемлекеттік мекемесінің құқық иеленушісі болып табады.

9. Мемлекеттік кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес теңгерімі, банкте шоттары, бланкілері Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және Мемлекеттік кәсіпорынның атауы жазылған мөрі болады.

10. Мемлекеттік кәсіпорын тұлғаның заңды құрылтайшысы (қатысушы) болады, жергілікті атқарушы органның келісімімен Мемлекеттік кәсіпорын құрылады. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік кәсіпорын филиалдар және өкілдіктерін құра алады.

11. Қазақстан Республикасының өзге заңды актілермен қарастырылмаған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнама актілеріне сәйкес мемлекеттік кәсіпорын және мемлекеттік міндетті тіркеуге жататын азаматтық-құқықтық мәмілелер бекітілген, тіркелген уақытынан бастап келісілді деп саналады.

3. Мемлекеттік кәсіпорынның қызметінің мәні мен мақсаты

12. Мемлекеттік кәсіпорын қызметінің мақсаты қоғамдық пайдалы кәсіби қызметтердің негізгі бағыттары бойынша білікті жұмысшылар мен орта буын мамандар дайындау болып табылады.

13. Мемлекеттік кәсіпорын қызметінің мақсаты негізгі кәсіби қоғамдық-пайдалы қызметтерінің негізгі бағыттары бойынша техникалық және қызмет көрсету еңбегінің білікті мамандарын, сонымен қатар негізгі және жалпы білімі бар азаматтары арасынан еңбекпен басқару және қызмет көрсету бағыты бойынша кіші мамандарын даярлау (негізгі және жалпы орта не техникалық және кәсіби).

14. Мақсатқа қол жеткізу үшін Мемлекеттік кәсіпорын қызметтің мынадай түрлерін жүзеге асырады:

1) өндірістік-шаруашылық қызметін Павлодар облысы білім беру саласында жүзеге асыру;

2) жеке тұлғаның кәсіби тұрғыдан қалыптасуына, дамуына бағытталған қажетті жағдайлар жасау жолымен техникалық және кәсіптік білім берудің оқу бағдарламаларын іске асыру;

3) еңбек нарығында бәсекеге қабілетті жоғары білікті мамандар мен жұмысшыларды даярлау, қайта даярлау және олардың біліктіліктерін арттыруды қамтамасыз ету;

4) білікті жұмысшы кадрлар, мамандарды сапалы дайындауды жетілдіру бойынша жұмыс берушілер және басқа да әлеуметтік серіктестермен өзара байланыс жасау;

5) оқытудың жаңа технологияларын енгізу және тиімді пайдалану.

15. Мемлекеттік кәсіпорын Жарғыда бекітілген өз қызметінің мәні мен мақсаттарына сай келмейтін қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелер жасауға тыйым салынады.

16. Мемлекеттік кәсіпорын қызмет мақсаттарына қайшы жасалған мәміле, Қазақстан Республикасының шектеулі заңдарында немесе құрылтай құжаттарында не басшының жарғылық құзыретін бұза отырып, жасалған мәміле жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, мемлекеттік мүлікті иелік етуге уәкілетті жергілікті атқарушы органының, Басқару органының, атқарушы органының не прокурордың талабы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

17. Мемлекеттік кәсіпорын басшысының мемлекеттік кәсіпорнының жарғылық емес қызметті жүзеге асыруға бағытталған әрекеті еңбек міндеттемелерін бұзу болып табылып, тәртіптік және материалдық жауапкершілікке әкеледі.

4. Мемлекеттік кәсіпорында іске асырылатын білім беретін оқу бағдарламалары

18. Мемлекеттік кәсіпорында техникалық және кәсіби, ортадан кейінгі білім берудің оқу бағдарламалары жүзеге асырылады.

19. Мемлекеттік кәсіпорында іске асырылатын оқу бағдарламалары

1) техникалық және қызмет көрсету еңбегі бұқаралық мамандықтар бойынша кадрларды даярлау, жалпы кәсіптік және арнайы пәндерді меңгеру үшін бейіндеуші болып табылатын жалпы білім беретін пәндер бойынша интеграцияланған курстарды зерделеуді, нақты мамандық бойынша кәсіптік дағдыларды игеру және кәсіби біліктілік деңгейін беру үшін (разряд, сынып, санат) өндірістік оқуды өтуді;

2) жалпы гуманитарлық, экономикалық, жалпы кәсіби, арнаулы пәндер өндіріс оқуын өту, және өндерістік практикады кәсіби дағдыларды иелену және нақты мамандық бойынша кәсіби біліктілік деңгейін арттыру бойынша жоғары технологиялары мен кәсіби қызметпен байланысты барлық экономика салаларда техникалық және еңбек көрсету еңбегінің жұмыстарын орындауда тәжірибе дағдылары мен күрделі мамандарын игеру;

3) техникалық және кәсіби интеграцияланған білім беру бағдарламаларды меңгеру көздеген техникалық еңбектің жоғары білікті мамандарын даярлау, оларды қайта даярлау және біліктілігін арттыру. Білім алушыларға нақты мамандық бойынша жоғары оқу орнының бірінші, екінші курс бағдарламаларын игерген кәсіби біліктілік деңгейін меңгерген мамандарды даярлау.

Нақты мамандық бойынша білім алушыларға аралық аттестаттауды өткеннен соң және оқудың аяқталуына байланысты меңгерген кәсіби біліктілік санаты беріледі.

Оқудың толық курсы бітірген соң қорытынды аттестаттаудан кейін білім алушыларға орта маманының біліктілігі беріледі.

20. Мемлекеттік кәсіпорынымен жүзеге асырылатын орта білімнен кейінгі кәсіби білім беру бағдарламаларымен қатар әлеуметтік-гуманитарлық және ғылыми-жаратылыстану пәндерімен жоғары оқу орнының бірінші, екінші курс бағдарламалармен интергацияланған және қызмет көрсету және жұмыспен басқару орта маманы біліктілігі беріледі (бұл деңгейде оқытушылардың қажетті дереженің болуын оқу мекемелерінің лицензиялау заңына сәйкес)

5. Оқыту мен тәрбиелеудің білім беру үдерісін (оның ішінде тілді, тілдерді) ұйымдастыру тәртібі, білім алушылардың сабақ режімі

21. Мемлекеттік кәсіпорында оқыту күндізгі, сырттай, кешкі, қашықтан оқыту және экстернат нысанда жүзеге асырылады.

22. Мемлекеттік кәсіпорында қолда бар мүмкіндіктерді негізге ала отырып, оқытындардың сұраныстарына сәйкес оқыту тілін өзі белгілейді, қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде білу мен дамытуды, орыс тілі және шетел тілінің бірін оқытуды қамтамасыз етеді.

23. Мемлекеттік кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте жұмыс оқу жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес оқу-тәрбие үдерісін дербес ұйымдастырады.

24. Мемлекеттік кәсіпорында оқу және тәрбие жұмысын есептеу теориялық және өндірістік оқытуды тіркеу журналдары мен оқу сағаттары бойынша оқу бағдарламаларының орындалуын ескеру табельдерін жүргізу арқылы жүзеге асырылады.

25. Мемлекеттік кәсіпорында нақты кәсіп бойынша іске асырылатын білім беретін оқу бағдарламаларының мазмұны, олардың игерілу мерзімі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес әзірленген оқу жұмыс жоспарларымен және бағдарламаларымен анықталады.

6. Мемлекеттік кәсіпорында оқытындардың үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүйесі, оларды өткізу нысандары мен тәртібі

26. Оқытындардың білім беретін оқу бағдарламаларын қаншалықты меңгергенін бақылау мақсатында Мемлекеттік кәсіпорында оқытындардың үлгерімін ағымдағы бақылау және аралық аттестаттау жүзеге асырылады.

27. Мемлекеттік кәсіпорында оқытындардың үлгерімін ағымдағы бақылау және аралық аттестаттауын өткізудің нысандарын, тәртібі мен мерзімін таңдауда дербес болады.

28. Мемлекеттік кәсіпорында оқытындарының үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау білім беру саласындағы орталық атқарушы органмен бекітілген тәртіпте жүзеге асырылады.

29. Мемлекеттік кәсіпорын оқу сабақтарының мынадай түрлері қолданылады: сабақ, дәріс, семинар, тәжірибелік сабақ, зертхана жұмыстары,

бақылау жұмыстары, өздік жұмысы, консультация, тәжірибе, курстық және дипломдық жобалау (курстық және дипломдық жұмыс). Барлық аудиторлық сабақтардың ұзықтылық мерзімі 45 минуттан белгіленеді, қажетті жағдайда арасында 5 не 10 минут үзілісі бар қосалқы сабақтар да өткізуге болады.

30. Мемлекеттік кәсіпорында оқытындардың білім, білік және дағды сапасы балдармен бағаланады: 5 (үздік), 4 (жақсы), 3 (қанағаттанарлық), 2 (қанағаттанарлықсыз). Оқытындардың білім, білік және дағды сапасын тікелей тексеру ауызша сұрау, тапсырма бойынша жұмыстарды орындау, жалпы бақылау және тексеру жұмыстарын жүргізу, дәптерлерді, конспектілерді, бақылау жұмыстарын, үй жұмыстарының орындалуын мерзімді тексеру арқылы жүргізіледі.

31. Оқытындармен оқу сабақтарын ұйымдастыру және өткізу үшін Мемлекеттік кәсіпорын оқу топтары құрылады. Оқу жоспарларына сәйкес оқу топтары шағын топтарға бөлінуі мүмкін.

32. Кәсіптік тәжірибенің түрлері, мерзімі мен мазмұны мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес оқу жұмыс жоспарлары және бағдарламаларымен анықталады.

33. Мемлекеттік кәсіпорын білім беретін оқу бағдарламаларын меңгеру оқытындардың міндетті қорытынды аттестаттаумен аяқталады.

34. Мемлекеттік кәсіпорында оқытындардың қорытынды аттестаттауына:

- 1) оқушылардың теориялық білімдерінің;
- 2) кәсіби даярлығы мен біліктілігін тағайындау деңгейін тексеру кіреді.

7. Мемлекеттік кәсіпорынға оқытындарды қабылдау және одан оқытып шығару тәртібі

35. Мемлекеттік кәсіпорын «Техникалық және кәсіби білім беру бағдарламалары бойынша кадрларды даярлау жүзеге асырылатын білім беру мекемелеріне құжаттарды қабылдау және есепке алу» мемлекеттік қызмет көрсету регламентіне сәйкес негізгі орта немесе жалпы орта білімі бар оқушыларды қабылдайды.

36. Білім алушыларды басқа оқу ұйымына ауыстыру және оларды Мемлекеттік кәсіпорынға қайта оқуға қабылдау азаматтардың өтініштері бойынша конкурстық негізінде, тандаған мамандық бойынша оқуға медициналық қорытындысы бар тұлғалар арасынан білім беру саласындағы орталық атқару органымен бекітілген тәртібі бойынша жүзеге асырылады.

37. Білім алушылар Мемлекеттік кәсіпорыннан келесі себептермен оқудан шығарылуға мүмкін:

- 1) өз ықыласы бойынша;
- 2) дәрігерлік-консультациялық комиссияның анықтама-қорытындысы негізінде денсаулық жағдайына байланысты;
- 3) басқа білім беру мекемесіне аударылуына байланысты;
- 4) академиялық үлгермеушілік пен сабақтарды себепсіз босатуына байланысты;

5) осы Жарғымен қарастырылған Ішкі тәртіп ережелері және талаптарын бұзылуына байланысты;

6) білім алу келісім шартын шарттарын бұзғаны үшін;

7) Қазақстан Республикасының заңнамамен бекітілген өзге де жағдайларға байланысты.

38. Мемлекеттік кәсіпорын білім алатындарға академиялық демалысты беру білім беру саласындағы орталық атқару органымен бекітілген тәртібі бойынша жүзеге асырылады.

39. Мемлекеттік қорытынды аттестаттаудан өткен Мемлекеттік кәсіпорынның техникалық және кәсіптік, ортадан кейінгі білім оқу бағдарламалары бойынша бітірушілеріне білім мен біліктілік деңгейі көрсетілген мемлекеттік үлгідегі құжат беріледі.

40. Мемлекеттік кәсіпорны оқуға түскен білім алушылармен келісім шартты жасайды, шарттар нысаны білім беру орталық атқару органымен бекітіледі.

8. Мемлекеттік кәсіпорнының қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттері

41. Мемлекеттік кәсіпорында педагогикалық қызметпен айналысуға арнайы педагогикалық немесе кәсіптік білімі бар адамдар жіберіледі.

42. Мемлекеттік кәсіпорнының педагог қызметкерінің төменгі құқықтары бар:

1) өзінің кәсіби қызметіне арналған жағдайлармен қамтамасыз етіле отырып, педагогикалық қызметпен айналысуға;

2) ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-эксперименттік жұмыспен айналысуға, педагогикалық практикаға жаңа әдістемелер мен технологияларды енгізуге;

3) жеке педагогикалық қызметке;

4) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарт талаптары сақталған кезде педагогтік үдерісті ұйымдастырудың әдістері мен нысандарын еркін таңдауға;

5) Мемлекеттік кәсіпорныны басқарудың алқалы органдарының жұмысына қатысуға;

6) кем дегенде бес жылда бір рет біліктілігін арттыруға;

7) санатын көтеру мақсатында мерзімінен бұрын аттестатталуға;

8) педагогтық қызметтегі табыстары үшін моральдық және материалдық көтермеленуге (мемлекеттік наградалар, құрметті атақтар, сыйлықтар және атаулы стипендиялар);

9) өзінің кәсіптік ар-намысы мен қадір-қасиетінің қорғалуына;

10) Мемлекеттік кәсіпорын басшылығының бұйрықтары мен өкімдеріне шағымдануға.

43. Мемлекеттік кәсіпорын педагог қызметкерінің міндетті:

- 1) тиісті теориялық және практикалық білімді және оқыту дағдыларын меңгеруге;
- 2) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес көрсетілетін білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз етуге;
- 3) оқитындарды жоғары адамгершілік, ата-анаға деген құрмет, этномәдени құндылықтарға құрмет көрсету рухында, қоршаған ортаға деген ұқыптылықты тәрбиелеуге;
- 4) оқитындарды өмірлік дағдылары, өздігінен жұмыс істеуі, шығармашылық қабілеттерін дамытуға жағдай жасауға;
- 5) өзінің кәсіптік шеберлігі, зияткерлік, шығармашылық деңгейін ұдайы жетілдіріп отыруға;
- 6) бес жылда кемінде бір рет аттестаттаудан өтуге;
- 7) педагогикалық әдеп нормаларын сақтауға;
- 8) оқитындар мен олардың ата-аналарының абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге.

9. Мемлекеттік кәсіпорын білім алушылары және олардың ата-аналарының құқықтары мен міндеттері (заңды өкілдері)

44. Мемлекеттік кәсіпорнының оқитындары:

- 1) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес сапалы білім алуға;
- 2) Мемлекеттік кәсіпорнының педагогикалық кеңесінің шешімі бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары шеңберінде жеке оқу жоспарлары, қысқартылған білім беретін оқу бағдарламалары негізінде білім алуға;
- 3) оқу жоспарларына сәйкес салыстырмалы курстарды таңдауға;
- 4) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгіленген тәртіпте Мемлекеттік кәсіпорында ақпараттық ресурстарды тегін пайдалануға, оқулықтармен, оқу-әдістемелік кешендермен және құралдармен қамтамасыз етілуге;
- 5) спорт, оқу, акт залдарының, кітапхананың қызметін тегін пайдалануға;
- 6) өз пікірі мен сенімін еркін білдіруге;
- 7) өзінің адамдық қадір-қасиетінің құрметтелуіне;
- 8) оқудағы, ғылыми және шығармашылық қызметтегі табыстары үшін көтермеленуге және сыйақы алуға құқығы бар.

45. Мемлекеттік кәсіпорнының оқитындары:

- 1) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес білімді, шеберлікті, практикалық дағдылар мен біліктілікті меңгеруге, Ішкі тәртіп ережелерін сақтауға, осы Жарғымен қарастырылған басқа да талаптарды орындауға;
- 2) өздерінің денсаулығын сақтауға, рухани және тән саулығын өздігінен жетілдіруге;

3) педагог қызметкердің ар-намысы мен қадір-қасиетін және Мемлекеттік кәсіпорынның дәстүрлерін құрметтеуге;

4) ұлттық және жалпы азаматтық, рухани құндылықтарды құрметтеуге;

5) Мемлекеттік кәсіпорынның мүлкіне ұқыпты қарауға міндетті.

46. Міндеттерді бұзғаны үшін оқитындарға Ішкі тәртіп ережелерімен және осы Жарғымен қарастырылған тәртіптік шаралар қолданылуы мүмкін.

47. Мемлекеттік кәсіпорын оқитындардың ата-аналары немесе өзге де заңды өкілдерінің:

1) ата-аналар комитеті арқылы Мемлекеттік кәсіпорнын басқару органдарының жұмысына қатысуға;

2) Мемлекеттік кәсіпорын өз балаларының үлгеріміне, мінез-құлқына және оқу жағдайларына қатысты ақпарат алуға құқығы бар.

48. Мемлекеттік кәсіпорын оқитындардың ата-аналары немесе өзге де заңды өкілдері:

1) балаларға өмірі мен оқуы үшін салауатты және қауіпсіз жағдайлар жасауға, олардың ой-өрісі мен дене күші қабілеттерінің дамуын, имандылық тұрғысынан қалыптасуын қамтамасыз етуге;

2) балаларды оқыту мен тәрбиелеуде Мемлекеттік кәсіпорынға жәрдемдесуге;

3) балалардың Мемлекеттік кәсіпорындағы сабаққа қатысуын қамтамасыз етуге міндетті.

10. Ақылы қызметтерді ұсыну тәртібі

49. Мемлекеттік кәсіпорын мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарынан тыс ақылы негізде тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) көрсетуге құқылы.

1) Қосымша білім беру бағдарламаларын (балалар және жасөспірімдер шығармашылығын, спорт, мәдениет және өнер саласындағы бейімділіктер мен қызығушылықтарды дамыту, мамандардың біліктілігін арттыру) іске асыру;

2) оқу жоспары мен бағдарламалары бойынша бөлінген оқу уақытынан пәндер (сабақтар және сабақтардың циклдері) бойынша жекелеген білім алушылармен қосымша сабақтар ұйымдастыру;

3) пәндер (сабақтар және сабақтардың циклдері) бойынша білім алушылармен ғылым негіздерін тереңдетіп оқып үйренуді ұйымдастыру;

4) білім алушылар мен тәрбиеленушілер, педагог қызметкерлер мен ересек жұртшылық арасында әр түрлі: спорт жарыстарын, семинарлар, кеңестер, конференциялар, сондай-ақ оқу-әдістемелік әдебиетті әзірлеу мен өткізу жөніндегі іс-шаралар ұйымдастыру және өткізу;

5) қайтадан емтихандық тестілеуді өткізу және ТБК сынамалы тестілеуді жүргізу. ТБК тестілеу тапсырмаларына тапсырыс беру және жүзеге асыру.

6) кәсіптік білім беруді ұйымдастыру (техникалық және қызмет көрсетуші еңбек мамандарын қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру);

7) дипломдар және олардың қосымшаларын беру (қатан есеп беру бланктері) анықтамалар, шақыру анықтамаларын беру.

8) жазғы демалысты ұйымдастыру, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің, мемлекеттік кәсіпорында өткізілетін түрлі іс-шараларға қатысушылардың тамақтануын қамтамасыз ету;

9) асханада тамақтануды ұйымдастыруы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы шеңберінде жүзеге асырылады;

10) қайтадан емтиханды және консультацияларды өткізу.

11) өндірісті ұйымдастыру, көлік қызметін көрсету және оқу-өндірістік шеберханалардың, оқу шаруашылықтарының, оқу-тәжірибе учаскелерінің өнімдерін өндіру мен өткізуді ұйымдастыру бойынша тауарларды (жұмыстарды, қызметтер көрсетуді) беруге құқылы.

12) Аса сапалы білікті кадрларды даярлауға және өнімдерді іске асыру үшін әлеуметтік серіктестермен және жұмыс берушілермен бірлесіп өндіріс ұйымдастыру;

13) Көлік құралдарын жөндеу бойынша қызмет көрсету.

14) жатақханадан орын беру, жатақхананың ғимаратын ұстауға жіберілетін шығынды және оның коммуналдық шығындарын қайтару Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

15) Ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру және оны іске асыру.

16) Басқада ақылы қызмет көрсету Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

11. Халықаралық ынтымақтастық

50. Мемлекеттік кәсіпорын білім беру саласында орталық атқарушы органмен келісім бойынша өз жұмысының ерекшеліктеріне сәйкес шетелдік білім беру, ғылым және мәдениет ұйымдары, халықаралық ұйымдар және қорлармен тікелей байланыс жасауға, ынтымақтастық туралы екі жақты, көп жақты келісім-шарттар жасауға, оқитындарды халықаралық бағдарламаларда ауыстыруға қатысуға, білім беру саласында халықаралық үкіметтік емес ұйымдарға (қауымдастық) кіруге құқығы бар.

Қазақстан Республикасы білім беру ұйымдарының халықаралық ынтымақтастықты іске асыру тәртібін білім беру саласындағы орталық атқарушы орган анықтайды.

12. Мемлекеттік кәсіпорынды басқару

51. Мемлекеттік кәсіпорынды жалпы басқаруын Басқару орган жүзеге асырады.

52. Облыстың жергілікті атқарушы органының келесі өкілеттіліктері бар:

1) Мемлекеттік кәсіпорынды құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды;

2) Мемлекеттік кәсіпорынның Жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтыруларды енгізеді не осыған жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органды уәкілетті етеді, коммуналдық мүлікті бекітеді;

3) Мемлекеттік кәсіпорын атына коммуналдық мүлікті бекітеді

4) Мемлекеттік кәсіпорын филиалдар мен өкілдіктерді құруға келісім береді;

5) Мемлекеттік кәсіпорынының мүлкін пайдалануға, оның ішінде жалға беру, аманатқа тапсыру, тегін пайдалануға және сенімді басқару туралы шешім қабылдайды

6) осы Жарғамен және Қазақстан Республикасының заңнамада белгіленген жүктелген өзге де өкілеттерді жүзеге асырады.

53. Басқару органының келесі өкілеттері бар:

1) Мемлекеттік кәсіпорнын басқару мәселелері бойынша актілерді жасайды;

2) белгіленген тәртіпте Мемлекеттік кәсіпорынды құру, қайта ұйымдастыру және тарату, оның филиалдары мен өкілдіктерін құру, Мемлекеттік кәсіпорнының Жарғысын бекіту, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар енгізеді;

3) мемлекеттік кәсіпорнының бюджетінен қаржыландырылатын міндеттердің (қызмет түрлерін) көлемдер мен өзекті жұмыс бағыттарын анықтайды;

4) Мемлекеттік кәсіпорнының даму жоспарларын қарастырады, келісіледі, бекітеді, оларды орындау есептері, жоспарды жүзеге асыруды бақылайды және талдау жүргізеді;

5) мемлекеттік кәсіпорнының атына коммуналдық мүлікті бекіту бойынша ұсыныстарды енгізеді;

6) жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, облыстық коммуналдық мүлікті иелік етуге уәкілетті атқарушы органға, Мемлекеттік кәсіпорынның мүлкін пайдалануға, сонымен қатар оны аманатқа тапсыруға, тегін пайдалануға және сенімді басқаруға атқарушы органға ұсыныстарды енгізеді;

7) Мемлекеттік кәсіпорнының мүлікті пайдалану мен сақтауын бақылауын қамтамасыз етеді, мүлікті есептеуін ұйымдастырады, оның тиімді қолдануын қамтамасыз етеді;

8) Мемлекеттік кәсіпорнының басшысымен еңбек қарым-қатынасын ресімдейді, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес еңбек келісім шарттарын жасайды, Қазақстан Республикасы Үкімімен белгіленген тәртібі бойынша оны аттестаттаудан өткізеді;

9) мемлекеттік кәсіпорнының басшысы ұсынысымен басшының орынбасарларын тағайындайды және лауазымынан босатады;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте басқа да өкілеттерді жүзеге асырады.

54. Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте Мемлекеттік кәсіпорынның басшысы, заңды тұлға болып саналады және Басқару органымен қызметке тағайындалады және қызметінен босатылады.

55. Мемлекеттік кәсіпорнының басшысы төменгідегідей жеке жауапкершілікке тартылады:

- 1) Мемлекеттік кәсіпорында сыбайлас жемқорлық қарсы әрекетті ұйымдастыру үшін;
- 2) білім алушылардың, қызметкерлердің құқықтар мен бостандықтарын бұзу үшін;
- 3) оның құзыреттілігіне жататын функцияларды орындамағаны үшін;
- 4) үлгілік оқу бағдарламалар мен оқу жоспарларын талаптарын бұзғаны үшін;
- 5) Мемлекеттік кәсіпорынның оқу-тәрбие үдерісі барысында біліс алушылар мен мекеме қызметкерлернің денсаулығы мен өміріне;
- 6) қаржылық-шаруашылық қызметінің жаңдайына, оның ішінде материалдық және қаражат мүліктерін мақсатсыз пайдалану, мүліктің сақталуына;
- 7) еңбек келісім шарты мен Қазақстан Республикасының өзге заңнамаларын бұзғаны үшін.

56. осы Жарғының және Қазақстан Республикасының заңнамамен белгіленген мекеменің құзыреттілігіне сәйкес Мемлекеттік кәсіпорынның басшысы өз қызметін бірыңғай бастамасы және Мемлекеттік кәсіпорынның қызметі мәселелерін өзі шешеді,.

57. Мемлекеттік кәсіпорнының басшысы заңнамамен белгіленген тәртіпте өкілетті:

- 1) Мемлекеттік кәсіпорынның атынан сенімхатсыз әрекет етуге және басқа да ұйымдарда Мемлекеттік кәсіпорынның мүддесін қорғауға;
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамамен белгіленген шеңберінде Мемлекеттік кәсіпорынның мүлікін жұмсауға;
- 3) шарттар жасауға және өзге мәмілелерді жасауға;
- 4) сенімхаттар беруге;
- 5) банк шоттарын ашуға;
- 6) Мемлекеттік кәсіпорның барлық қызметкерлері орындауға міндетті бұйрықтар шығаруға және нұсқаулар беруге;
- 7) Мемлекеттік кәсіпорнын қызметкерлермен Қазақстан Республикасының еңбек заңына сәйкес жұмысқа қабылдауға және жұмыстан босату туралы еңбек шарттарын тоқтатуға, осы Жарғымен не Қазақстан Республикасының заңнамамен бергіленген өзге де ынталандыруды, және оларға тәртіптік жазалар қолдануға;
- 8) Мемлекеттік кәсіпорнының өз орынбасарының (орынбасарларының) және мемлекеттік кәсіпорнының басқа да басшы қызметкерлерінің тағайындау мен босатуға кандидатурасын ұсынуға;
- 9) Мемлекеттік кәсіпорындағы өз орынбасарларының және өзге де жетекші кадрлардың құзыреттілігін белгілеуге;
- 10) Мемлекеттік кәсіпорнының еңбек ақы төлеу қоры шеңберінде қызметкерлердің еңбек төлеу нысаны, штаттық кестені, лауазымдық еңбек ақысы мөлшерін, сыйақы жүйесі мен өзге сыйақыларды бекітеді;
- 11) Басқару органының келісімімен мемлекеттік кәсіпорынның филиалдары мен өкілдердің басшысы лауазымына тағайындауға және жұмыстан босатуға;

12) Мемлекеттік кәсіпорынның филиалдары мен өкілдердің ережелерін бекітеді;

13) Қазақстан Республикасы заңнамасымен қарастырылған басқада функцияларды жүзеге асыру;

14) Мемлекеттік кәсіпорының қызметкерлерінің қазақстандық және шетелдік оқу орталықтарына іс сапар, тәжірибе алмасу және басқада біліктілікті арттыру түрлері бойынша жоспарларын және тәртібін бекіту.

58. Мемлекеттік кәсіпорнында басқарудың алқа органдары құрылуы мүмкін: педагогикалық, әдістемелік кеңестер және басқа да нысандар. Мемлекеттік кәсіпорнының алқа органдарының қалыптасу және қызмет тәртібі олардың арасындағы өкілеттілікті шектеу білім беру саласындағы орталық атқарушы органдары бекітетін қызметтің типтік ережелерімен белгіленеді.

13. Мемлекеттік кәсіпорынның мүлкі

59. Мемлекеттік кәсіпорын мүлкін бағасы оның теңгерімінде айқындалатын оның активтері құрайды.

60. Мемлекеттік кәсіпорынның мүлкі бөлінбейді, және салымдар бойынша таратылмайды, сонымен бірге мемлекеттік кәсіпорын қызметкерлері арасында да бөлінбейді.

61. Мемлекеттік кәсіпорнының мүлкі мыналардан:

1) оған жергілікті атқарушы органы берген мүлкі;

2) өз қызметі барысында сатып алған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаржы көздері есебінен құрылады.

62. Жедел басқару құқығын алу және тоқтату Қазақстан Республикасының азаматтық кодексінің белгіленген тәртібі мен шарттарды жүзеге асырылады. Мүлік құқығын алу мен тоқтату және де өзге мүліктік құқықтары осы Жарғымен қарастырылмаған және мүліктік құқығына қайшы келмейтін жағдайда.

63. Мемлекеттік кәсіпорның оперативті басқарудағы тұрған мүліктен алынған өнімдер, жемістерден, табыстар, сонымен бірге мемлекеттік кәсіпорнымен келісім шарттар мен өзге негіздер бойынша алынған мүліктер Қазақстан Республикасының заңнамасының тәртібі бойынша мүлік құқығына ие болу үшін оның оперативті басқаруына енеді.

64. Басқару органның шешімі бойынша мемлекеттік кәсіпорны мүлікті оперативті басқаруына құқығы Қазақстан Республикасының заңнамасына қарастырмаған жағдайда мемлекеттік кәсіпорын өз балансына алынған сәттен енеді.

65. Мемлекеттік кәсіпорын негізгі мүлігіне жататын оларды сату - сатып алу, ауыстыру, мүлікті сыйлау келісім шарттары негізінде жекелендіруге құқығы жоқ.

66. Мемлекеттік кәсіпорнын мүлікті оперативті басқару құқығы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 24-бабына сонымен бірге, осы Жарғының 67-тармағына сәйкес тоқтатылады.

67. Жергілікті атқару органы Басқару органы келісімімен Мемлекеттік кәсіпорын атына бекітілген мүлікті алуға немесе оның құрылған заңды тұлғалар арасына бөлуге, егер ол Қазақстан Республикасының заңнамасында белгілемеген жағдайда.

68. Мемлекеттік кәсіпорын өз атына бекітілген негізгі қаражатына жататын мүлікті жекелендіруге және өзге де жолдармен басқаруға, егер ол осы Жарғаның 65-тармағына қарастырылған жағдайдан басқа жергілікті атқару органының жазбаша келісімі бойынша дебиторлық борышты беруге, және есептен шығаруға құқылы.

69. Мемлекеттік кәсіпорын оперативті басқару құқығына сәйкес негізгі қаражатына жатпайтын жылжымалы мүлікті өзі басқарады.

14. Мемлекеттік кәсіпорының қаржылық қызметі

70. Мемлекеттік кәсіпорының қызметі өз табыстары және Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамасымен белгіленген өзінің даму жоспарына сәйкес бюджет есебі бюджетінен қаржыландырады.

Мемлекеттік кәсіпорының даму жоспарын бекіту және әзірлеу тәртібі Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамасымен анықталады.

71. Мемлекеттік кәсіпорнының таза табысынан қаржы аударым нормативын жергілікті атқару органы бекітеді. (ЖАО)

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі белгілегендей Мемлекеттік кәсіпорнының таза табысының бір бөлігі бекітілген норматив тәртібі бойынша сәйкестірілген бюджетке аударылуы керек.

Мемлекеттік кәсіпорын таза табысының бөлігін сәйкестірілген бюджетке корпоративты табыс салығын тапсыру үшін белгіленген он жұмыс күні мерзімінен кейін емес тапсырылуы қажет.

72. Мемлекеттік кәсіпорын өзі шығарылған өнімін өзі өткізеді.

73. Мемлекеттік кәсіпорынмен өндірілетін және сатылатын тауарлар дербес жүзеге асырылады.

74. Мемлекеттік кәсіпорынмен Қазақстан Республикасының заңнамамен тыйым салынған, Жарғымен қарастырылмаған әрекеттерден, сонымен бірге өткізілетін тауарларды белгіленген бағаларды қымбаттату нәтижесінде алынған табыстар Қазақстан Республикасы заңнамамен белгіленген тәртібі бойынша бюджетке алынуға жатады. Бухгалтерлік есеп бойынша ережелерге сәйкес фактілер анықталған жағдайда олар да алынуға жатады.

15. Мемлекеттік кәсіпорының жарғы капиталы

75. Мемлекеттік кәсіпорының жарғы капиталы әрекетін жүзеге асыру үшін жергілікті атқару органдардан оперативтік басқаруға алынған мүліктен құралады.

16. Мемлекеттік кәсіпорның есебі мен есеп беруі

76. Ұлттық қаржылық есеп стандартына сәйкес басқару органның келісімі бойынша мемлекеттік кәсіпорының басшысымен бекітілумен мемлекеттік кәсіпорының бухгалтерлік есепті жүргізуі және қаржылық есеп беруін құрастыруы Қазақстан Республикасының заңнамасы және есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

77. Мемлекеттік кәсіпорының жылдық қаржылық есебі бухгалтерлік баланс, табыстар мен шығындар есебі, қаржы қозғалысы, капиталдағы өзгерістер туралы есебі және түсінік хаттан құралады.

17. Мемлекеттік кәсіпорның жауапкершілігі

78. Мемлекеттік кәсіпорын өзінің міндеттеріне, оның құзырындағы қаражатына жауапты. Мемлекеттік кәсіпорнының қаражатын жетіспеушілігі анықталған кезде, жергілікті атқару орган жауапты.

18. Еңбек ұжымымен қарым-қатынастары

79. Мемлекеттік кәсіпорын әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы мен қарым-қатынастары Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасы және ұжымдық келісім шартына сәйкес белгіленеді.

80. Мемлекеттік кәсіпорын жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібі ережелерімен анықталады және де Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасы нормаларына қарсы келмеуі қажет.

19. Мемлекеттік кәсіпорын қызметкерлерінің еңбек ақысын төлеу

81. Мемлекеттік кәсіпорның еңбекақы қордың мөлшері жыл сайын Басқару органымен бекітіледі.

82. Мемлекеттік кәсіпорын еңбек ақыны төлеу нысанын, штаттық кестесін, лауазымдық оклад көлемін, сыйақы жүйесін және өзге де мадақтау түрлерін еңбек ақыны төлеу қорының шеңберінде өзі белгілейді.

20. Мемлекеттік кәсіпорнының қайта ұйымдастыруы және тарату шарттары

83. Мемлекеттік кәсіпорнының қайта ұйымдастыруы және тарату жергілікті атқару органының шешімі бойынша жүзеге асырылады.

Мемлекеттік кәсіпорын Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасымен қарастырылған өзге негіздерге сәйкес таратылу мүмкін.

84. Мемлекеттік кәсіпорынның қайта ұйымдастыруы және таратылуы атқарушы органмен жүзеге асырылады.

85. Таратылған мемлекеттік кәсіпорынның мүлкі қарыз иегерлерді қанағаттандырудан кейін жергілікті органмен қайта реттелінеді.

Таратылған мемлекеттік кәсіпорынның қаражаты мемлекеттік кәсіпорынның мүлкін сатылғаннан соң алынған қаражаттарды есептегенде, қарыз иегерлерді қанағаттандырудан кейін қалған қаражат сәйкес қармағындағы бюджет кірісіне өтеді.

21. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

86. Мемлекеттік кәсіпорынның Жарғысына жергілікті атқарушы орган немесе облыстық коммуналдық мүлікті иелік етуге жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын уәкілетті орган өзгерістер мен толықтырулар енгізеді.

22. Мемлекеттік мүлік бойынша уәкілетті орган және заңда тұлғалар, заңды тұлғасы мен сәйкестірілген саладағы уәкілетті органы (жергілікті атқарушы орган), заңды тұлғаның әкімшілігі мен оның еңбек ұжымы арасындағы қарым-қатынастар

87. Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы білім беру басқармасының «Успен аграрлық-техникалық колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны және мемлекеттік мүлік бойынша уәкілетті органы, сәйкестірілген саладағы уәкілетті органы (жергілікті атқарушы орган), заңды тұлғаның әкімшілігі мен оның еңбек ұжымы арасындағы қарым-қатынастар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады. Мемлекеттік кәсіпорынның филиалдары мен өкілдері жоқ.

**Мемлекеттік
кәсіпорынның басшысы**

Д.Н. Наукенов